

Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 166 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 желтоқсанда № 6068 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Бисимбаев

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 166 қаулысына қосымша

Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі

№	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1.	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін
2.	Көп балалы отбасыларына оқушы – балалар	Тегін
3.	Балалар үйлерінен оқушы – балалар	Тегін
4.	Спорт ардагерлері	Тегін
5.	Оқушылар	Тегін
6.	Студенттер	Тегін
7.	Зейнеткерлер	Тегін

* Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.